6.10	В случае непредоставления Поставщиком данных в сроки, указанных в Статьях 10.4 и 10.5 Договора, Поставщик, в случае привлечения Покупателя к административной ответственности в связи с несвоевременным/некорректным предоставлением СНТ	Жеткізуші Шарттың 10.4 және 10.5-баптарында көрсетілген мерзімдерде деректерді ұсынбаған жағдайда, Жеткізуші Сатып алушыны өзінің кінәсінен ТСН-ны уақытылы/дұрыс ұсынбауына байланысты оны әкімшілік жауапкершілікке тартқан жағдайда,



	по вине Поставщика, обязан возместить Покупателю (путем удержания или оплатой, по усмотрению Покупателя) все наложенные на него штрафы, и подписать при этом соответствующий акт сверки взаиморасчетов.	Сатып алушыға (Сатып алушының қалауы бойынша ұстап қалу немесе төлеу арқылы) салынған барлық айыппұлдарды өтеуге және бұл ретте өзара есеп айырысуларды салыстырып тексерудің тиісті актісіне қол қоюға міндетті.
6.11	За отказ от поставки Товара Поставщик уплачивает Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от суммы не поставленного по Договору Товара.	Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Жеткізуші Сатып алушыға Шарт бойынша жеткізілмеген Тауар сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлейді.
6.12	Если код ТН ВЭД ЕАЭС и наименование Товара (и/или его упаковка) включены в Перечень продукции (товаров), Утвержденный приказом Министра экологии, геологии и природных ресурсов РК от 09.11.2022г. за №689, поставщик продукции (товаров) после заключения договора на закуп продукции (товаров) обязан представить документ о полноте платы на каждую партию продукции (товара) (за организацию сбора, транспортировки, переработки, обезвреживания, использования и (или) утилизации отходов, образующихся после утраты потребительских свойств продукции (товаров), на которую (которые) распространяются расширенные обязательства производителей (импортеров), и ее (их) упаковки).	Егер ЕАЭО СЭК ТН коды мен Тауар атауы (және/немесе оның орамасы) ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 09.11.2022ж. №689 бұйрығымен бекітілген өнімдер (тауарлар) Тізбесіне енгізілсе, өнімді (тауарларды) жеткізуші өнімдерді (тауарларды) сатып алу жөніндегі шартты жасасқаннан кейін өнімнің (тауардың) әрбір топтамасына төлемнің толықтығы (өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің және оның (олардың) қаптамасының тұтынушылық қасиеттері жоғалғаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін туралы құжатты ұсынуға міндетті.

7 РАЗРЕШЕНИЯ И ЛИЦЕНЗИИ / РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР

7.1	Поставщик обязан без дополнительной компенсации и без промедления в обязательном порядке подавать заявления и Получать все разрешения, сертификаты и лицензии, соответствующие Условиям Поставки или требуемые уполномоченными государственными органами, в юрисдикцию которых входит Поставка и Поставщик.	Жеткізуші қосымша өтемақысыз және кідіріссіз Жеткізу талаптарына сәйкес келетін немесе құзыретіне Жеткізу мен Жеткізуші кіретін уәкілетті мемлекеттік органдар талап ететін барлық рұқсаттарды, сертификаттар мен лицензияларды міндетті түрде береді және алады.
7.2	Поставщик обязан приложить все разумные усилия, чтобы обеспечить все необходимые сертификаты, документы и разрешения, требующиеся для беспрепятственного ввоза Товаров в Казахстан и эксплуатации в Казахстане.	Жеткізуші Қазақстанға тауарларды кедергісіз әкелу және Қазақстанда пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті сертификаттарды, құжаттар мен рұқсаттарды қамтамасыз ету үшін бар күшін салуы тиіс.
7.3	Поставщик обязан строго соблюдать Законы и обеспечивать их строгое соблюдение сотрудниками, агентами и представителями Поставщика, включая, но, не ограничиваясь Законами о труде, технике безопасности и охране труда и здоровья, защите окружающей среды, безопасности рудников, налогообложении, запрете подкупа государственных должностных лиц и коррупционных методов ведения деловой деятельности и т.п.	Жеткізуші Заңдарды қатаң сақтауға және оны өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және өкілдерінің қатаң сақтауын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде Еңбек туралы заң, қауіпсіздік техникасы және еңбек пен денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау, кеніштердің қауіпсіздігі, салық салу, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға тыйым салу және іскерлік қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлық әдістерін жәнет.б.

8 ГАРАНТИИ И ЗАВЕРЕНИЯ / КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР

8.1	Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю что:	Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төмендегілерді мәлімдейді және кепілдік береді:
a)	Поставщик в полной мере компетентен и обладает требуемыми навыками, управленческой квалификацией, знаниями, технологиями, системами, материальными ресурсами для обеспечения Поставки в соответствии с требованиями настоящего Договора Поставки;	Жеткізуші толық көлемде құзыретті екенін және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес Жеткізуді қамтамасыз ету үшін талап етілген дағдыларының, басқарушылық біліктілігінің, білімінің, технологияларының, жүйелерінің, материалдық ресурстарының бар екенін;
b)	Вся Поставка будет осуществляться в соответствии с такими методами работы и уровнем качества, стандартами, эффективностью и действиями, которые обычно используются компетентными, опытными и надежными поставщиками для предоставления оборудования, машин и механизмов, материалов, расходных материалов, изготовления, выработки, сборки, инженерных работ, Требований к Чертежам и Данным Производителя Поставщика (VDDR) и связанных с ними услуг, требуемых настоящим Договором Поставки, успешное применение которых может ожидать при использовании обоснованных суждений по отношению к любому вопросу, за который Поставщик несет ответственность согласно настоящему Договору Поставки, в порядке, обеспечивающем надежность, безопасность, качество, скорость и соответствие Законом и требованиям настоящего Договора Поставки;	Барлық Жеткізу әдетте құзыретті, тәжірибелі және сенімді жеткізушілердің жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді, материалдарды, шығыс материалдарын, дайындаманы, өндіруді, құрастыруды, инженерлік жұмыстарды, Жеткізуші өндірушісінің (VDDR) Сызбалары мен Деректеріне қойылатын талаптарды және осы Жеткізу шартында талап етілетін олармен байланысты қызметтерді ұсыну үшін пайдаланатын жұмыс әдістеріне және сапа деңгейіне, стандарттарға, тиімділікке және іс-әрекеттерге сәйкес жүзеге асырылады, олардың ойдағыдай пайдаланылуы Жеткізуші осы Жеткізу шартына сәйкес сенімділікті, қауіпсіздікті, сапаны, жылдамдықты және Заңдарға және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететін тәртіппен жауапты болатын кез келген мәселеге қатысты негізделген пайымдауларды пайдалану кезінде күтілуі мүмкін;
c)	Товары:	Тауарлар:
i	соответствуют всем чертежам, спецификациям или другим описаниям, входящим в настоящий Договор Поставки (предоставленным Поставщиком и утвержденным Покупателем);	осы Жеткізу шартына кіретін (Жеткізуші ұсынған және Сатып алушы бекіткен) барлық сызбаларға, ерекшеліктерге немесе басқа сипаттамаларға сәйкес келеді;



ii	являются новыми, не ограниченными в обороте;	жаңа, бұрын қолданыста болмаған, айналымда
iii	не содержат дефектов и повреждений;	ақаулары мен зақымдалулары жоқ;
iv	на дату доставки срок годности товара должен составлять не менее 2/3 от общего срока годности, указанного в Сертификате качества или ином документе, сопровождающем Товар. В случае, если на момент передачи Товара Поставщиком Покупателю срок годности Товара будет составлять менее 2/3 от общего срока годности Товара, Покупатель имеет право отказать от приемки такого Товара. Все обязательства по возврату такого Товара Покупателем Продавцу из места поставки Товара осуществляется исключительно силами и за счет Поставщика;	жеткізу күніне тауардың жарамдылық мерзімі сапа сертификатында немесе тауарға ілеспе өзге де құжатта көрсетілген жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде 2/3-ін құрауы тиіс. Егер жеткізуші тауарды Сатып алушыға берген сәтте тауардың жарамдылық мерзімі тауардың жалпы жарамдылық мерзімінің 2/3-нен кем болса, Сатып алушы мұндай тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушының тауарды жеткізу орнынан Сатушыға осындай тауарды қайтару жөніндегі барлық міндеттемелері Жеткізушінің күшімен және есебінен ғана жүзеге асырылады;
v	по качеству и параметрам точно соответствуют собственным системам и требованиям обеспечения качества и контроля качества Поставщика, описанным в Статье 9.1 ниже; и	сапасы мен параметрлері бойынша төмендегі 9.1- бапта сипатталған Жеткізушінің меншікті жүйелері мен сапаны қамтамасыз ету және сапаны бақылау талаптарына дәл сәйкес келеді; және
vi	соответствуют стандартам, установленным любой ассоциацией по стандартизации, местным органом власти, регулирующим или снабженческим комитетом и/или любым другим органом или ассоциацией, устанавливающей требования к качеству в отношении Товаров, сопровождающих услуг или типов составных частей Товаров.	стандарттау жөніндегі кез келген қауымдастық, жергілікті билік органы, реттеуші немесе жабдықтау комитеті және/немесе Тауарларға, ілеспе қызметтерге немесе Тауарлардың құрамдас бөліктерінің түрлеріне қатысты сапаға қойылатын талаптарды белгілейтін кез келген басқа орган немесе қауымдастық белгілеген стандарттарға сәйкес келеді.
8.2	В случае любого противоречия между i), iv) или v) выше, Покупатель по своему собственному усмотрению принимает решение о том, какой стандарт применять;	Жоғарыда i), iv) немесе v) тармақшалары арасында кез келген қайшылық болған жағдайда, Сатып алушы өз қалауы бойынша қандай стандартты қолдану туралы шешім қабылдайды;
a)	Товары, поставляемые Поставщиком по настоящему Договору Поставки, принадлежат ему на праве собственности и имеют легальное происхождение (в том числе, прошли необходимую таможенную очистку); и	Осы Жеткізу шарты бойынша Жеткізуші жеткізетін Тауарлар оған меншік құқығымен тиесілі болады және ресми шығарылған (оның ішінде қажетті кедендік тазартудан өткен); және
b)	Товары при доставке будут свободны от всех обременений, залогов, и споров («Обременения»).	Жеткізу кезінде Тауарлар барлық ауыртпалықтардан, кепілдіктен және даудан («Ауыртпалықтар») бос болады.
8.3	Если в Особых условиях не указано иное, Поставщик гарантирует качество, комплектность (полноту) и работоспособность поставленных Товаров в течение наиболее раннего из следующих сроков;	Егер Ерекше талаптарда өзгеше көрсетілмесе, Жеткізуші жеткізілген Тауарларды сапасына, жиынтықтығына (толықтығына) және келесі мерзімдердің неғұрлым ерте мерзімінің ішінде жұмысқа қабілеттілігіне кепілдік береді;
a)	двадцать четыре (24) месяца с даты Передачи владения; или	меншік құқығы берілген күннен бастап жиырма төрт (24) ай; немесе
b)	двенадцать (12) месяцев после Установки товаров на фабрике или на оборудовании («Гарантийный период»); и	фабрикада немесе жабдықта Тауарларды орнатқаннан кейін он екі (12) ай («Кепілдік кезең»); және
c)	устраняет за свой счет все дефекты, которые могут возникнуть при использовании Товара. Для целей настоящей статьи, расходы, за которые несет ответственность Поставщик, включают стоимость рабочей силы, транспортировку, расходы по разбору и сборке для установки, любые импортные и экспортные сборы и пошлины.	Тауарды пайдалану кезінде туындауы мүмкін барлық ақауларды өз есебінен жояды. Осы баптың мақсаттары үшін Жеткізуші жауапты болатын шығыстарға жұмыс күшінің құны, тасымалдау, орнату үшін бұзу және жинау бойынша шығыстар, кез келген импорттық және экспорттық алымдар мен баждар кіреді.
8.4	Если применимо, Поставщик гарантирует, что чертежи, инженерно-технические спецификации и разработанная инженерная документация являются точными при их передаче Покупателю. Согласно определениям, используемым в настоящем Договоре Поставки, термины «чертежи», «инженерно-технические спецификации» и «разработанная инженерная документация» означают чертежи, детализацию узлов и технические данные, переданные Поставщиком Покупателю, которые подробно показывают: (i) предлагаемое изготовление и сборку структурных компонентов, и (ii) установку (то есть детали формы, совместимости и соединения) Товаров. Без освобождения Поставщика от вышеуказанной гарантии или любого другого обязательства Поставщика согласно настоящему Договору Поставки, Поставщик обязан немедленно письменно проинформировать Покупателя о любых различиях между первоначальными чертежами и окончательными заверенными чертежами, переданными Покупателю.	Егер қолданылатын болса, Жеткізуші сызбалардың, инженерлік-техникалық ерекшеліктердің және әзірленген инженерлік құжаттаманың оларды Сатып алушыға берген кезде дәл болатынына кепілдік береді. Осы Жеткізу шартында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес «сызбалар», «инженерлік-техникалық ерекшеліктер» және «әзірленген инженерлік құжаттама» терминдері Жеткізушінің Сатып алушыға берген сызбаларын, тораптардың мәліметтерін және техникалық деректерін білдіреді, олар: (i) ұсынылатын құрылымдық компоненттерді дайындауды және Тауарларды құрастыруды және (ii) орнатуды (яғни үлгінің бөлшектері, үйлесімділігі және жалғануы) егжей-тегжейлі көрсетеді. Жеткізуші жоғарыда көрсетілген кепілдіктен немесе осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушінің кез келген басқа міндеттемесінен босатпай, Жеткізуші Сатып алушыға берілген бастапқы сызбалар мен түпкілікті куәландырылған сызбалар арасындағы кез келген айырмашылықтар туралы Сатып алушыға жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.
8.5	Настоящим, Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю, что любой нижеуказанный документ будет являться уведомлением о дефектах:	Осы арқылы Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төменде көрсетілген кез келген құжаттың ақаулар туралы хабарлама болып табылатынын мәлімдейді және кепілдік береді:
a)	первое подтвержденное сообщение Покупателя, сотрудников или подрядчиков Покупателя Поставщику по электронной почте о дефекте(ах) или недостатках в Товарах или симптомах, признаках или последствиях таких дефектов или недостатков; или	Сатып алушының, Сатып алушының қызметкерлерінің немесе мердігерлерінің электрондық пошта арқылы Жеткізушіге тауарлардағы ақаулар немесе кемшіліктер немесе осындай ақаулардың немесе кемшіліктердің белгілері немесе салдары туралы алғашқы расталған хабарламасы; немесе
b)	заполненный и подписанный Акт о несоответствии Товара, указывающий дефекты или недостатки во время приемки Товара на складе;	Тауарды қоймаға қабылдау кезіндегі ақауларды немесе кемшіліктерді көрсететін толтырылған және қол қойылған Тауардың сәйкес келмейтіндігі туралы акті;



c)	акты произвольной формы, составленные по выявленным дефектам во время запуска оборудования, проведения пусконаладочных работ или во время работы оборудования в период действия гарантийного срока или после истечения гарантийного срока и т.д. (далее «Уведомление о дефектах»).	жабдықты іске қосу, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде немесе кепілдік мерзімінің қолданылу кезеңінде немесе кепілдік мерзімінің аяқталуынан кейін жабдықтың жұмыс істеуі кезінде анықталған ақаулар бойынша жасалған еркін нысандағы актілер және т. б. (бұдан кейін «Ақаулар туралы хабарлама»).
8.6	Уведомление о дефектах, переданное до истечения Гарантийного периода, будет считаться действительным и подлежать исполнению Поставщиком в соответствии с требованиями Покупателя, выставленными согласно настоящей Статье и Статье 12.3, даже если любая из Сторон предпримет расследование, проверку или исправление дефектов после истечения Гарантийного периода.	Кепілдік кезеңі аяқталғанға дейін берілген ақаулар туралы хабарлама, егер Тараптардың кез келгені Кепілдік кезеңі өткеннен кейін ақауларды тексеруді немесе түзетуді қабылдаса да, осы бапқа және 12.3-бапқа сәйкес ұсынылған Сатып алушының талаптарына сәйкес жарамды деп есептеледі және Жеткізуші оны орындауы тиіс.
8.7	На Товары, исправленные согласно гарантии Поставщика в соответствии с настоящей Статьей 8, новый 12-месячный Гарантийный период начинает действовать с того момента, когда началась полная эксплуатация исправленных Товаров. При замене Товара Гарантийный период однократно продлевается на 12 (двенадцать) месяцев с момента ремонта или замены, но не должен превышать 12 (двенадцать) месяцев с момента истечения первоначального срока. Количество замен в рамках данного периода не ограничено.	Осы 8-бапқа сәйкес Жеткізушінің кепілдігіне сай түзетілген Тауарларға жаңа 12 айлық Кепілдік кезеңі түзетілген Тауарларды толық пайдалану басталған сәттен бастап күшіне енеді. Тауарды ауыстырған жағдайда Кепілдік кезеңі жөндеу немесе ауыстыру сәтінен бастап бір рет 12 (он екі) айға ұзартылады, бірақ бастапқы мерзім өткен сәттен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс. Осы кезеңдегі ауыстыру саны шектелмеген.
8.8	Поставщик не несет ответственности ни за какие дефекты и убытки, возникшие в результате действий Покупателя, запрещенных согласно руководствам по эксплуатации и техническому обслуживанию или официально опубликованным инструкциям производителя, предоставленным Поставщиком Покупателю в соответствии со Статьей 10.	Жеткізуші 10-бапқа сәйкес Жеткізушінің Сатып алушыға берген өндірушінің пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарына немесе өндірушінің ресми жарияланған нұсқаулықтарына сәйкес Сатып алушының тыйым салынған іс-әрекеттерді орындау салдарынан туындаған қандай да бір ақаулар мен залалдар үшін жауап бермейді.
8.9	Гарантии Поставщика в явной форме распространяются на каждую из Компаний Покупателя.	Жеткізушінің кепілдіктері Сатып алушының әр компаниясына нақты қолданылады.

9 КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО / САНЫ МЕН САПАСЫ

9.1	Количество Товара поставляется согласно Деталям Заказа и/или Заказу на отгрузку и должно соответствовать товарно-сопроводительным документам. Качество Товара, комплектность, наименование, обозначение, техническое состояние, маркировка и упаковка должны соответствовать действующим ГОСТ для такого вида Товара и/или техническим условиям, указанным в Деталях Заказа и/или Заказах на отгрузку и приложении (ях), и удостоверяются соответствующими документами, (сертификат соответствия или паспорт изделия, или сертификат качества или инструкция по эксплуатации и т.п).	Тауардың саны Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес жеткізіледі және тауардың ілеспе құжаттарына сай болуы тиіс. Тауардың сапасы, толықтығы, атауы, белгіленуі, техникалық жай-күйі, таңбалануы және буып-түюі Тауардың осы түрі үшін қолданыстағы МЕМСТ-қа және/немесе Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа және қосымшаның(лардың) егжей-тегжейінде көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс және тиісті құжаттармен куәландырылады, (сәйкестік сертификаты немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық және т. б).
-----	--	--

10 ПОСТАВКА ТОВАРОВ / ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ

10.1	Поставщик обязан предоставить Покупателю вместе с поставляемым Товаром оригиналы следующих документов:	Жеткізуші Сатып алушыға жеткізілетін Тауармен бірге келесі құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндетті:
a)	накладную на отпуск товаров на сторону в двух экземплярах с указанием номера Договора поставки или СНТ, с указанием кода Товара в поле «Дополнительная информация» (графа 17 раздел G1), зарегистрированное на портале ИС ЭСФ. Два экземпляра накладной на отпуск товаров на сторону должны быть отправлены с Товаром, один из этих экземпляров предназначен для Поставщика, и Поставщик несет ответственность за возврат подписанного Покупателем возвратного экземпляра;	ЭШФ АЖ порталында тіркелген «Қосымша ақпарат» жолында (G1-бөлім 17-баған) Тауардың коды көрсетілген, Жеткізу шартының нөмірі немесе ТНТ көрсетілген екі данада тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжат. Тарапқа тауарларды босатуға арналған жүкқұжаттың екі данасы тауармен бірге жөнелтілуі тиіс, осы даналардың бірі Жеткізушіге арналған және Жеткізуші Сатып алушының қол қойып қайтарылатын данасын қайтарып беру үшін жауапты болады
b)	гарантийные документы на Товар – выдаются в виде Гарантийного талона с печатью Поставщика и заполненные на приобретаемый Товар. В остальных случаях на Товар распространяется гарантия завода-изготовителя;	тауарға кепілдік беру құжаттары – Жеткізушінің мөрі басылған және сатып алынатын Тауарға толтырылған Кепілдік талоны түрінде беріледі. Басқа жағдайларда Тауарға өндіруші зауыттың кепілдігі беріледі;
c)	если Поставщик является казахстанским производителем Товара – нотариально заверенную копию сертификата о происхождении Товара для внутреннего обращения, подтверждающего происхождение на территории Республики Казахстан;	егер Жеткізуші қазақстандық Тауар өндіруші болып табылса, Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
d)	Если поставляемый Товар входит в перечень продукции и услуг, подлежащих обязательной сертификации согласно Законом Республики Казахстан, вне зависимости от наличия или отсутствия указания в Договоре Поставки условия о качестве Товара, Поставщик обязан предоставить один из	Егер жеткізілетін Тауар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті сертификаттауға жататын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне кіретін болса, Жеткізу шартында Тауардың сапасы туралы талаптың болуына немесе болмауына қарамастан, Жеткізуші жеткізілетін Тауарға



	нижеследующих документов на поставляемый Товар:	төмендегі құжаттардың бірін ұсынуға міндетті:
i	Сертификат соответствия выданный аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или	Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы берген сәйкестік сертификаты; немесе
ii	декларацию о соответствии, зарегистрированную аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан; или	Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы тіркеген сәйкестік туралы декларациясы; немесе
iii	сертификаты соответствия иностранных государств, или протоколы испытаний продукции, или знаки соответствия, признанные аккредитованным юридическим лицом Республики Казахстан.	шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары немесе өнімді сынау хаттамалары немесе Қазақстан Республикасының аккредиттелген заңды тұлғасы бойынша даған сәйкестік белгілері.
e)	Если Поставщик зарегистрирован в стране, являющейся членом ЕАЭС:	Егер Жеткізуші ЕАЭО мүшесі болатын елде тіркелсе:
i	Поставщик обязан предоставить товаросопроводительные документы, в соответствии со статьей 442 и пункта 3 статьи 443 Налогового Кодекса Республики Казахстан.	Жеткізуші Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 442-бабына және 443-бабының 3- тармағына сәйкес тауарлардың ілеспе құжаттарын ұсынуға міндетті.
ii	для подтверждения обоснованности применения Поставщиком налоговой ставки 0%, Покупатель в течении 90 (девяноста) календарных дней со дня получения Товара, направляет Поставщику: (А) Заявление о ввозе товаров и уплате косвенных налогов в электронном виде установленное законодательством Республики Казахстан. (В) Уведомление о принятии налоговой отчетности органами государственных доходов Республики Казахстан в электронном виде. (С) Уведомление о подтверждении факта уплаты (освобождения либо иного порядка уплаты) – Приложение 2 к Правилам подтверждения органами государственных доходов Республики Казахстан факта уплаты налога на добавленную стоимость по импортным товарам с территории государств- членов Таможенного союза в электронном виде.	Жеткізушінің 0% салық мөлшерлемесін қолдануының дұрыстығын растау үшін, Сатып алушы Тауарды алған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде Жеткізушіге төмендегілерді жібереді: (А) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген электронды түрде Тауарларды кіргізу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш. (В) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының салық есептілігін қабылдағаны туралы электрондық хабарлама. (С) Төлем фактісін растау туралы хабарлама (босату немесе басқа төлем тәртібі) – Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарының Кеден одағына мүше мемлекеттерден импортталған тауарларға қосылған құн салығын төлеу фактісін растау қағидаларына 2-қосымша электронды түрде».
10.2	Если Поставщик не передает или отказывается передать Покупателю документы, указанные в Статье 10.1, Покупатель вправе назначить ему разумный срок для их передачи, по согласованию сторон. В случае, если документы, указанные в Статье 10.1, не переданы Поставщиком в указанный срок, Покупатель вправе отказаться от принятия Товара.	Егер Жеткізуші Сатып алушыға Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе ұсынудан бас тартса, Сатып алушы тараптардың келісімі бойынша оларды беру үшін оған орынды бір мерзімді белгілеуге құқылы. Егер Жеткізуші Шарттың 10.1-бабында көрсетілген құжаттарды көрсетілген мерзімде ұсынбаса, онда Сатып алушы Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы.
10.3	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС), Поставщик обязан:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан кіргізілсе, Жеткізуші келесілерді орындауға міндетті:
a)	корректно указать код ТН ВЭД ЕАЭС в отношении Товара, включенного в Перечень товаров, утвержденный Решением Совета Евразийской экономической комиссии от 14 октября 2015 года № 59, а также в Перечень товаров, утвержденный Приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 февраля 2017 года № 58, и в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан. В случае нарушения Поставщиком указанного требования, Покупатель вправе, с соблюдением претензионного порядка, предусмотренного Договором, удержать из суммы, подлежащей выплате Поставщику, сумму НДС, предъявленного Поставщиком к оплате. Кроме того, Поставщик обязан, в течение 10 (десяти) Рабочих Дней с момента получения требования Покупателя, на основании подтверждающих документов, возместить убытки, связанные с оплатой Покупателем административного штрафа и (или) пени, начисленной в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан на Покупателя.	Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеңесінің 2015 жылғы 14 қазандағы № 59 Шешімімен бекітілген Тауарлар тізбесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 58 Бұйрығымен бекітілген Тауарлар тізбесіне қосылған тауарларға қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де жағдайларда ЕАЭО СЭҚ ТН кодын дұрыс көрсету. Жеткізуші көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда, Сатып алушы шартта көзделген талап қою тәртібін сақтай отырып, Жеткізуші төлеуі тиіс соманды Жеткізушіге төлеуге ұсынылған ҚҚС сомасын ұстап қалуға құқылы. Сонымен қатар, Жеткізуші Сатып алушының Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Сатып алушыға есептелген әкімшілік айыппұлды және (немесе) өсімақыны төлеуімен байланысты шығындарын растаушы құжаттар негізінде Сатып алушының талабын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндетті.
10.4	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) автотранспортом, Поставщик обязан предоставить Покупателю за 3 (три) рабочих дня до пересечения границы Республики Казахстан следующую информацию:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан автокөлікпен кіргізілсе, Жеткізуші Сатып алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын келесі ақпаратты ұсынуға міндетті:
a)	Сканированную копию одного из видов документов и оригинал с товаром – СМР (международная транспортная накладная), ТТН (товарно-транспортная накладная), ТН (транспортная накладная);	Құжаттардың бір түрінің сканерден өткізілген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы – СМР (халықаралық көлік жүкқұжаты), ТКЖ (тауар-көлік жүкқұжаты), КЖ (көлік жүкқұжаты);
b)	марка и государственный номер АТС;	АКК маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
c)	марка и государственный номер прицепа;	тіркеушінің маркасы мен мемлекеттік нөмірі;
d)	ФИО водителя;	жүргізушінің ТАӘ;
e)	Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидент РК, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для	Тасымалдаушының атауы. Егер Тасымалдаушы - ҚР резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе



	юридических лиц) Перевозчика;	БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну;
f)	Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан.	Қазақстан Республикасынан шекара арқылы жоспарлы өткізу пункті.
10.5	Если товары, ввозятся на территорию Республики Казахстан с территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС) железнодорожным или воздушным транспортом, Поставщик обязан предоставить Покупателю за 3 (три) рабочих дня до пресечения границ Республики Казахстан следующую информацию:	Егер тауарлар Қазақстан Республикасына Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мүше-мемлекеттерінің аумағынан теміржол немесе әуе көлігімен кіргізілсе, Жеткізуші Сатып алушыға Қазақстан Республикасы аумағынан өткенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын келесі ақпаратты ұсынуға міндетті:
a)	Сканированную копию накладной (железнодорожной, воздушной) и оригинал с товаром;	Жүкқұжаттың (теміржол, әуе) сканерден өткізілген көшірмесі және тауармен бірге түпнұсқасы;
b)	Наименование Перевозчика. Если Перевозчик - резидент Республики Казахстан, так же предоставить ИИН (для физических лиц) или БИН (для юридических лиц) Перевозчика;	Тасымалдаушының атауы. Егер Тасымалдаушы – Қазақстан Республикасы резиденті болса, Тасымалдаушының ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе БСН (заңды тұлғалар үшін) ұсыну;
c)	Планируемый пункт пропуска через границу с Республикой Казахстан;	Қазақстан Республикасынан шекара арқылы жоспарлы өткізу пункті;
d)	Сканированные копии документов по товару и оригиналы с товаром;	Тауар бойынша құжаттардың сканерден өткізілген көшірмелері және тауармен бірге берілетін түпнұсқалар;
i	Счет-фактура и товарная накладная или УПД (универсальный передаточный документ). Обязательное указание страны происхождения товара, кода ТН ВЭД, номера заявления о ввозе товара либо таможенной декларации на товары.	Шот-фактура және тауар жүкқұжаты немесе ӘБҚ (әмбебап беру құжаты). Тауардың шығарылған елін, СЭҚ ТН кодын, тауарды әкелу туралы өтініштің не тауарларға арналған кедендік декларацияның нөмірін міндетті түрде көрсету.
ii	Упаковочный лист. Обязательное указание типа упаковки, веса нетто и брутто по каждой позиции.	Қаптау парағы. Әр позиция бойынша орау түрін, тазажәне жалпы салмақты міндетті түрде көрсету.
10.6	Уведомление: Если Товары поставляются на условиях Incoterms, за исключением DDP, Поставщик обязан не менее, чем за 3 (три) Рабочих Дня до отправки Товаров, предоставить проект отгрузочных документов Покупателю и/или уполномоченному экспедитору Покупателя. Такие отгрузочные документы включают, но, не ограничиваются документами, перечисленными ниже:	Хабарлама: Егер тауарлар DDP-ні қоспағанда, Incoterms талаптарымен жеткізілетін болса, Жеткізуші Тауарларды жөнелтуге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Сатып алушыға және/немесе Сатып алушының уәкілетті экспедиторына жөнелту құжаттарының жобасын ұсынуға міндетті. Мұндай жөнелту құжаттары төменде аталған құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:
a)	Технический Паспорт и техническое описание;	Техникалық паспорт және техникалық сипаттама;
b)	Упаковочный лист (включая вес и размеры);	Буып-түю парағы (салмағы мен өлшемін қоса алғанда);
c)	Ж/Д Накладная / Товарно-транспортная накладная / Список грузов / Авианакладная (при наличии);	Т/Ж жүкқұжаты / Тауар-көлік жүкқұжаты / Жүктердің тізімі / Әуе жүкқұжаты (болған жағдайда);
d)	План погрузки (при наличии);	Тиеу жоспары (болған жағдайда);
e)	План разгрузки и требования к хранению (при наличии);	Түсіру жоспары және сақтау жағдайларына қойылатын талаптар (болған жағдайда);
f)	Сертификат производителя или иной другой аналогичный документ с указанием срока хранения и/или срока годности и даты производства Товара (при наличии);	Тауардың сақтау мерзімі және/немесе жарамдылық мерзімі мен өндірілген күні көрсетілген өндірушінің сертификаты немесе өзге де осыған ұқсас құжат (болған жағдайда);
g)	Заводской сертификат приемочного испытания и/или отчеты Инспекции Третьей Стороной (при наличии);	Қабылдау сынағының зауыттық сертификаты және /немесе бар болса, үшінші Тараптың инспекциялық есептері (болған жағдайда);
h)	Любые другие документы, необходимые для сертификации и ввоза в Республику Казахстан и любых других установленных законом целей; и	Сертификаттау және Қазақстан Республикасына әкелу және заңда белгіленген кез келген басқа мақсаттар үшін қажетті кез келген басқа құжаттар; және
i)	Документы выше должны содержать следующую информацию (при наличии):	Жоғарыда аталған құжаттар келесі ақпаратты қамтуы тиіс (болған жағдайда):
i	Номер и дата Договора Поставки;	Жеткізу шартының нөмірі және жасалған күні;
ii	Дата отгрузки / готовности к отгрузке; и	Жөнелту / жөнелтуге дайындық күні; және
iii	Условия Поставки;	Жеткізу талаптары;
10.7	Упаковка:	Қаптамасы:
a)	Все Товары должны быть упакованы, промаркированы, задокументированы и транспортированы так, как указано в Условиях Поставки, настоящей Статье 10 и Инструкциях Покупателя по упаковке, маркировке и отгрузке, изложенных в Приложении-инструкции 7 («Инструкция РМ&S»), и в соответствии с правилами транспортировки, упаковки и маркировки, а также наилучшими методами, принятыми в промышленности, которые применимы к Поставке, в том числе во время перевозки, и, если применимо, требованиями, предъявляемыми к транспортировке Опасных материалов. Транспортируемые грузы должны быть, насколько это возможно, уложены в поддоны и/или упакованы в контейнеры;	Барлық Тауарлар Жеткізу талаптарында, осы 10-бапта және 7-қосымша-нұсқаулықта («РМ&S нұсқаулықтары») көрсетілген орау, таңбалау және жөнелту жөніндегі Сатып алушының Нұсқаулықтарында және тасымалдау, буып-түю және таңбалау ережелеріне, сондай-ақ өнеркәсіпте қабылданған, Жеткізуге, оның ішінде тасымалдау кезінде қолданылатын ең жақсы әдістерге және егер қолданылса, Қауіпті материалдарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес буып-түйілуі, таңбалануы, құжатталуы және тасымалдануы тиіс. Тасымалданатын жүктер мүмкіндігінше табандықтарға салынуы және/немесе контейнерлерге салынуы тиіс;
b)	Поставщик обязан обеспечить адекватную защиту Товаров от повреждения и разрушения во время транспортировки и кратковременного хранения, должным образом учитывая условия и обстановку на Рабочей Площадке или в другом	Жеткізуші Жұмыс алаңындағы немесе Жеткізудің басқа орнындағы және Тауарлар тасымалданатын аумақтардағы талаптар мен жағдайды тиісті түрде ескере отырып, тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезінде тауарларды бүлінуден және



	Пункте Поставки и на территориях, через которые будут транспортироваться Товары, при этом условия и обстановка включают климат, дороги и необходимость многократной перегрузки (механизированной или иной).	бұзылудан сақтауды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте талаптар мен жағдайға сақталатын жердің климаты, жолдар және бірнеше мәрте қайта тиеу (механикаландырылған немесе өзге) қажеттілігі кіреді.
c)	При упаковке, маркировке и транспортировке товаров, Поставщик должен соблюдать применимые внутри-государственные Законы касательно транспортировки Товаров и обеспечения безопасности, охраны здоровья и защиты окружающей среды.	Тауарларды буып-түю, таңбалау және тасымалдау кезінде Жеткізуші Тауарларды тасымалдауға және қауіпсіздікті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын ішкі мемлекеттік Заңдарды сақтауы тиіс.
d)	Все расходы, включая обратный фрахт за товары, возвращаемые Поставщику (например, опорные подставки, валики или транспортировочные скобы), включены в Сумму, и Поставщик несет ответственность за организацию возможного возврата таких товаров.	Жеткізушіге қайтарылатын Тауарлар үшін кері жалдау ақысын қоса алғанда, барлық шығындар (мысалы, тірек тұғырықтары, аунақшалар немесе тасымалдау қапсырмалары) Сомаға қосылады және Жеткізуші осындай тауарлардың ықтимал қайтарылуын ұйымдастыру үшін жауап береді.
e)	Поставщик несет ответственность за все повреждения, утерю или уничтожение любых Товаров, а также за любую утерю, повреждение или уничтожение любых других товаров или имущества, возникших в результате ненадлежащей упаковки или обращения с ними со стороны Поставщика. Вся упаковка должна быть специально предназначена для перевозки по дорогам с неровным покрытием и рассчитана на соответствующую механическую погрузку.	Жеткізуші кез келген тауарлардың барлық зақымданғаны, жоғалғаны немесе жойылғаны үшін, сондай-ақ Жеткізуші тарапынан дұрыс буып-түйілмеу немесе олармен жұмыс істеу нәтижесінде туындаған кез келген басқа тауарлардың немесе мүліктің кез келген жоғалғаны, бүлінгені немесе жойылғаны үшін жауап береді. Барлық қаптама тегіс емес жабыны бар жолдармен тасымалдауға арналған және тиісті механикалық салмақтың түсуіне арналған болуы керек.
f)	Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы по пошлинам, складированию, демереджу, штрафам и/или неустойкам, возникающим в результате несоблюдения Поставщиком надлежащих процедур упаковки, маркировки и транспортировки, а также Инструкций РМ&S, даже если такое несоблюдение не приведет к задержке доставки Товара. Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы, возникшие в результате ошибок в весах или измерениях, а также за потери и ущерб, вызванные неисправной или недостаточной упаковкой, включая, без ограничений, штрафы и дополнительные расходы по пошлинам.	Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізушінің буып-түю, таңбалау және тасымалдаудың тиісті рәсімдерін, сондай-ақ РМ&S нұсқаулықтарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын баждар, жинау, демередж, айыппұлдар және/немесе траксыздық айыбы бойынша кез келген қосымша шығыстарды, тіпті егер мұндай сақтамау Тауарды жеткізуді кешіктірмеуге әкеп соқпаса да өтеуі тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға таразылардағы немесе өлшеулердегі қателер нәтижесінде туындаған, сондай-ақ жарамсыз немесе жеткіліксіз қаптамадан туындаған шығындар мен залал үшін, айыппұлдар мен баждар бойынша қосымша шығыстарды қоса алғанда, кез келген қосымша шығыстарды өтеуі тиіс.
g)	За исключением поставок на условиях DDP, CIP, DAP и DPU, Поставщик несет ответственность за любое отклонение расходов по перевозке от установленной суммы, возникающее в связи с тем, что он не следовал какой-либо инструкции о транспортировке, указанной в Договоре Поставки, или не информировал Покупателя о сроках прибытия груза; и	DDP, CIP, DAP және DPU талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Жеткізуші Жеткізу шартында көрсетілген тасымалдау туралы қандай да бір нұсқаулықты сақтамауына немесе Сатып алушыға жүктің келу мерзімдері туралы хабарламауына байланысты тасымалдау бойынша шығыстардың белгіленген сомадан кез келген ауытқуына жауап береді; және
h)	За исключением поставок на условиях DDP, Покупатель и Поставщик должны помогать друг другу в получении документов и другой информации, необходимой для предъявления претензий к грузоперевозчикам.	DDP талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Сатып алушы мен Жеткізуші бір-біріне Жүк тасымалдаушыларға талап қою үшін қажетті құжаттар мен басқа да ақпаратты алуға көмектесуі керек.
i)	Поставщик несет единоличную ответственность за передачу инструкций по Упаковке, Маркировке и Отгрузке любому привлеченному им Субпоставщику.	Жеткізуші өзі жұмылдырған кез келген Қосалқы мердігерге Қаптау, Таңбалау және Жөнелту жөніндегі нұсқаулықты беру үшін жеке-дара жауап береді.
10.8	Опасные материалы	Қауіпті материалдар
a)	В соответствии с настоящим Договором Поставки, « Опасные материалы » означает любое вещество, которое, согласно Законом, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:	Осы Жеткізу шартына сәйкес « Қауіпті материалдар » Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:
b)	В соответствии с настоящим Договором Поставки, « Опасные материалы » означает любое вещество, которое, согласно Законом, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:	Осы Жеткізу шартына сәйкес « Қауіпті материалдар » Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:
i	любую нефть или нефтепродукты, радиоактивные вещества, асбест в любой сыпучей или могущей стать сыпучей форме, мочевино-формальдегидную пенопластовую изоляцию, трансформаторы или другое оборудование, содержащее диэлектрическую жидкость, имеющую в своем составе полихлордифенилы, процессы, а также определенные системы охлаждения, использующие хлорфторуглероды;	кез келген мұнай немесе мұнай өнімдері, радиоактивті материалдар, кез келген сусымалы немесе сусымалы түрге айналуды мүмкін асбест, зертасформальдегидті пенопласт оқшауламасы, трансформаторлар немесе өзінің құрамында полихлордифенилдер бар диэлектрлік сұйықтығы бар басқа да жабдықтар, сондай-ақ хлорфторкөміртекті пайдаланатын белгілі бір салқындату жүйелері;
ii	любые химикаты, материалы или вещества, которые на дату заключения настоящего Договора Поставки и/или в будущем определяются или включаются в определение как «опасные вещества», «опасные отходы», «опасные материалы», «чрезвычайно опасные отходы», «опасные отходы ограниченного использования», «токсические вещества», «токсические загрязнители», «опасные грузы» или любые другие слова аналогичного содержания в соответствии с Законами, или	осы Жеткізу шартын жасау күнінде және/немесе болашақта «қауіпті заттар», «қауіпті қалдықтар», «қауіпті материалдар», «өте қауіпті қалдықтар», «шектеулі пайдаланылатын қауіпті қалдықтар», «уытты заттар», «уытты ластағыштар», «қауіпті жүктер» ретінде айқындалатын немесе анықтамаға енгізілетін кез келген химикаттар, материалдар немесе заттар немесе Заңдарға сәйкес ұқсас мазмұндағы кез келген басқа да сөздер, немесе



iii	любые другие химикаты, материалы, вещества или отходы, подверженность воздействию которых на текущий момент или после заключения настоящего Договора Поставки запрещается, ограничивается или регулируется любыми государственными регламентами, или которые могут быть предметом Ответственности, связанной с ущербом, издержками или ликвидацией последствий.	кез келген басқа химикаттар, материалдар, заттар немесе қалдықтар, олардың әсер етуіне ағымдағы сәтте немесе осы Жеткізу шарты жасалғаннан кейін сатып алуға тыйым салынады, шектеледі немесе кез келген мемлекеттік регламенттермен реттеледі немесе залалмен, шығындармен немесе салдарларды жоюмен байланысты жауапкершілік нысанасы болуы мүмкін.
c)	После получения настоящего Договора Поставки, Поставщик обязан предоставить Уведомление Покупателю в случае, если какие-либо из Товаров подпадают под действие Законов, регулирующих Опасные материалы (включая их утилизацию), или любых других положений в области защиты окружающей среды, техники безопасности, охраны труда и здоровья.	Осы Жеткізу шартын алғаннан кейін, егер Тауарлардың кез келгені Қауіпті материалдарды (оларды кәдеге жаратуды қоса алғанда) реттейтін заңдардың немесе қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы кез келген басқа ережелердің ықпалына ұшырайтын болса, Жеткізуші Сатып алушыға хабарлама беруге міндетті.
d)	Относительно Опасных материалов Поставщик обязан предоставить все соответствующие паспорта безопасности химической продукции/вещества (MSDS), включая сертификаты отгрузки, инструкции по отгрузке, безопасности, обращению с Опасным материалом, воздействию и утилизации, в форме, достаточно ясной для неспециализированного персонала Покупателя и достаточно детальной для определения всех мер, которые пользователи и экспедиторские компании должны предпринять в отношении Опасных материалов.	Қауіпті материалдарға қатысты Жеткізуші химиялық өнімнің/заттың (MSDS) барлық тиісті қауіпсіздік паспорттарын, соның ішінде жөнелту сертификаттарын, Сатып алушының мамандандырылмаған қызметкерлеріне және пайдаланушылар мен экспедиторлық компанияларға арналған Қауіпті материалдарға қатысты қабылдауы тиіс барлық шараларды анықтау үшін жеткілікті толық үлгіде берілген қауіпті материалды жөнелту, қауіпсіздігі, өңдеу, әсер ету және кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықтарды беруі тиіс.
e)	В Товарно-транспортной накладной и упаковочном листе должно быть сделано следующее подтверждение: <i>«Настоящим подтверждается, что вышеуказанные изделия надлежащим образом классифицированы, описаны, упакованы, промаркированы, снабжены ярлыками и находятся в надлежащем состоянии для перевозки в соответствии с любыми применимыми правилами перевозки».</i>	Тауар-көлік жүкқұжатында және бұйым-түю парағында мынадай растау жасалуы тиіс: <i>«Осы арқылы жоғарыда аталған бұйымдардың тиісті түрде жіктелгені, сипатталғаны, бұйым-түйілгені, таңбаланғаны, жапсырмалармен жабдықталғаны және кез келген қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау үшін тиісті жағдайда екендігі расталады».</i>
10.9	Поставки Частями: Поставщик не должен поставлять товары частями, если это не согласовано с Покупателем. Если согласовано, что Товары будут поставлены частями, то термин Товары в настоящем Договоре Поставки, когда это применимо, применяется к <i>«Поставкам Частями»</i> .	Бөліп жеткізу: Егер Сатып алушымен келісілмеген болса, Жеткізуші тауарларды бөліп жеткізбеуі керек. Егер Тауарлар бөліп жеткізілетіні туралы келісілсе, онда осы Жеткізу шартындағы Тауарлар термині, ол қолданылатын жерде <i>«Бөліп жеткізуге»</i> қолданылады.
10.10	Поставщик обязуется выполнить все требования Покупателя по технике безопасности касательно действий Поставщика в Пункте Поставки.	Жеткізу Сатып алушының Жеткізудің жеткізу пунктіндегі әрекеттеріне қатысты қауіпсіздік техникасы бойынша барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.
10.11	Предоставление чертежей, данных, информации и руководств по эксплуатации (если применимо):	Сызбаларды, деректерді, ақпаратты және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды ұсыну (егер бар болса):
a)	Поставщик должен предоставить Покупателю все инженерные и другие данные (включая все технические данные), требуемые Договором Поставки для надлежащей(го) эксплуатации/использования, технического обслуживания, монтажа Товаров, в течение срока, указанного в Деталях Заказа, а также должен незамедлительно предоставить Покупателю копию каждого обновления любых ранее предоставленных данных, которые Поставщик предоставляет любому из своих клиентов.	Жеткізуші Сатып алушыға Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауарларды дұрыс пайдалану/қолдану, техникалық қызмет көрсету, монтаждау үшін Жеткізу шартында талап етілетін барлық инженерлік және басқа деректерді (барлық техникалық деректерді қоса алғанда) ұсынуы тиіс, сондай-ақ Сатып алушыға Жеткізуші өз клиенттерінің кез келгеніне ұсынатын бұрын берілген кез келген деректердің әрбір жаңартылған көшірмесін дереу ұсынуы тиіс.
b)	Подробные чертежи и другие документы, указанные в Требованиях к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), предоставляются в соответствии с Приложением- инструкцией 1. Если в Деталях Заказа или Приложениях не указано иное, Согласованная(ые) дата(ы) Доставки VDDR должны совпадать с Согласованными датами Доставки Товаров.	Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарда көрсетілген егжей-тегжейлі сызбалар мен басқа да құжаттар 1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес ұсынылады. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Қосымшаларда басқасы көрсетілмесе, VDDR Жеткізудің келісілген күні (күндері) Тауарларды Жеткізудің келісілген күндеріне сәйкес келуі тиіс.
15. Все опасные грузы, поставляемые для авиаперевозок, должны поставляться в соответствующей упаковке, утвержденной ООН. Для получения помощи в определении соответствующей упаковки, пожалуйста, обратитесь к Регламенту ИАТА или свяжитесь с профессиональным упаковщиком, который был обучен и сертифицирован по стандартам ИАТА. Поставка опасного груза - все опасные материалы должны быть четко обозначены.
16. Поставщик несет ответственность за упаковку и предварительную строповку, необходимую для обеспечения безопасной и эффективной разгрузки. Поставщик должен поставить все подъемные и грузозахватные средства, необходимые для соответствующей разгрузки товаров.
17. Поставщик должен гарантировать, что товары надлежащим образом защищены от повреждения и порчи во время транспортировки и краткосрочного хранения с учетом условий и обстановки на участке или другом месте, являющимся пунктом доставки и на территории, через которые будут провозиться материалы, включая климат, дороги, и предписания по транспортировке. Все упаковки должны быть соответствующим образом предназначены для перевозок на дорогах с неровным покрытием с учетом соответствующих погрузочно-разгрузочных работ. При упаковке, маркировке и транспортировке материалов, Поставщик должен соблюдать международные и национальные законы, применимые в отношении транспортировки материалов, а также техники безопасности, охраны труда и окружающей среды;
18. Поставщик несет ответственность за любые повреждения, потери или уничтожения любых материалов, поставленных в соответствии с контрактом или любые косвенные потери, повреждения или уничтожения любых иных материалов или имущества в результате ненадлежащей упаковки или транспортировки Поставщиком. Расходы, возникшие вследствие несоблюдения Поставщиком процедур и инструкций по упаковке, маркировке и транспортировке, указанных в контракте, подлежат возмещению Поставщиком. Все товары должны быть упакованы, маркированы и транспортированы в соответствии с требованиями по транспортировке опасных материалов (где применимо) и передовой практикой в этой области.

С. Инструкции по Маркировке

Все ящики, пакеты и коробки маркируются как указано ниже. На связках маркировка должна быть выбита на металлической или аналогичной бирке и надежно закреплена на связке.

1. Если под одним и тем же номером (сток) товара отправляется более одной упаковки или ящика, сборного груза или крупногабаритного товара, КАЖДЫЙ ящик должен быть пронумерован и отображать ОБЩЕЕ количество отправляемых упаковок (например, Ящик 1 из 5, Ящик 2 из 5, и т.д.)
2. Поставщик должен предоставить перечень всех транспортируемых товаров, с подробным списком содержимого. Для товара(ов), поставляемых в комплекте, наборе и т.д. необходимо приложить дополнительный список составляющих данного комплекта, набора и т.д.
3. Товар(ы), поступающие на склад в виде комплекта должен(ы) быть упакованы раздельно друг от друга (каждый комплект должен быть упакован раздельно).
4. Надписи маркировок должны производиться заглавными буквами высотой не менее 20 мм и наноситься либо краской, либо несмываемыми чернилами. Эта маркировка должна, по возможности, наноситься в трех разных точках каждого ящика, упаковки, связки и т.д.
5. Каждое отдельное изделие из сварной/конструкционной стали должно иметь металлическую штамповку с опознавательной монтажной отметкой.
6. Ящики с запасными частями должны иметь маркировку «ЗАПАСНЫЕ ЧАСТИ».
7. Товар (являющийся кабельно-проводниковой продукцией), поставляемый Поставщиком Покупателю по Договору на поставку должен иметь в обязательном порядке заводскую маркировку (метрику), которая должна быть нанесена непосредственно по всей длине Товара с указанием знаков линейной длины (метры). В случае несоблюдения настоящего требования Покупатель имеет право отказаться от приемки Товара. Возврат и/или замена Товара, несоответствующего требованиям маркировки, указанным в настоящем пункте Договора, осуществляются исключительно силами и за счет Продавца в полном объеме
8. В каждом случае, коробка, ящик и контейнер, а также отдельные материалы должны быть четко обозначены, как указано в контракте. Продавец должен убедиться, что ярлыки, содержащие подробную информацию о номере и дате контракта, количестве и описании

материалов, прикреплены к материалам или накладной/ упаковочному листу для сопровождения материалов к месту назначения.

9. Поставки вредных/опасных материалов требуют от Поставщика применения надлежащих/стандартных предупреждающих надписей маркировок для коммерческой перевозки вредных/опасных грузов. К каждой партии груза необходимо прилагать Паспорт безопасности применяемых материалов (ПБМ).

Маркировка на упаковке должна содержать следующие данные:

Номер договора или Заказа на закуп (в применимых случаях)

Код товара / Маркировочный номер

Страна происхождения

Грузовая единица №из.....

Вес брутто т.....кг

Вес неттокг

Габариты Д.....Ш.....В.....(в сантиметрах)

Особые требования перемещения.....

C. Коммерческий счет-фактура

Коммерческий счет-фактура должен быть выпущен на английском или русском языках на официальном бланке Поставщика. В каждом документе необходимо четко указать полное наименование и адрес Поставщика. Если Поставщик не является производителем поставляемого товара, необходимо указать полное наименование и адрес производителя. Если в материалах присутствуют части иностранного происхождения, необходимо указать страну происхождения и содержание в процентах. В коммерческих счетах-фактурах должна быть оригинальная подпись и печать Поставщика. Коммерческие счета-фактуры Субпоставщиков Поставщика не принимаются. В случае если Поставщик желает, чтобы его Субпоставщик предоставил коммерческий счет-фактуру, Поставщик должен предоставить ему свой официальный бланк и цены Заказа на закуп, а также правильное описание товаров.

В коммерческом счете-фактуре обязательно должна быть указана следующая информация:

1. Общее описание товаров, т.е. «Оборудование и материалы для».
2. ГРУЗОПОЛУЧАТЕЛЬ: ТОО «KAZ Minerals _____» – медный объект (*адрес будет сообщен*). При этом Поставщик обязан заблаговременно известить Покупателя о Грузоперевозчике – указав все данные (наименование, адрес, контактное лицо, телефоны, электронную почту, а также все иные данные, которые может дополнительно затребовать Покупатель).

УВЕДОМИТЬ СТОРОНУ: Контактные лица для координации вопросов по логистике и курированию перевозок Покупателя с контактами указаны в Деталиях заказа

3. Идентификационные отметки отгрузки, как указано в инструкциях по маркировке.
4. Дата Номера Счета-фактуры
5. Условия поставки в соответствии с Договором поставки или Заказа на отгрузку (FCA, DDP, и т.д.).
6. Номер Договора поставки и Заказа на отгрузку, если применимо.
7. Номер позиции в Договоре поставки или Заказе на отгрузку, парт номер Поставщика, код материалов Покупателя и описание должны быть в соответствии с Деталиями заказа или Заказом на отгрузку.
8. Количество отправленных товаров и единицы измерения для каждой позиции в Договоре поставки или Заказе на отгрузку
9. Общий метрический объем и Метрический вес нетто и брутто товаров.
10. Указание валюты, т.е. «Доллар США, Евро» и т.д.
11. Продажная цена единицы товара в валюте договора
12. Суммарная продажная цена в валюте договора
13. Итоговая цена в счете-фактуре

D. Сертификат происхождения

Сертификат происхождения обычно составляется Поставщиком, но может быть подготовлен Грузоперевозчиком/ Агентом по транспортировке на основе информации, полученной из Коммерческого счета-фактуры и Упаковочного листа Поставщика.

Если в соответствии с Договором поставки или Заказом на отгрузку необходимо, чтобы Поставщик подготовил Сертификат происхождения, Поставщик должен указать тип товара, а также полное наименование и адрес производителя отправляемых товаров.

ЧАСТЬ II - ИНСТРУКЦИИ ПО ОТГРУЗКЕ

Частичные отгрузки допускаются, если это специально указано в Договоре поставки или Заказе на отгрузку и/или разрешено Специалистом по логистике или Специалистом по входящим грузам заранее.

Частичные отгрузки должны сопровождаться удостоверяющими документами, и не должны истолковываться как выполнение обязательств Поставщика. Дополнительная оплата за упаковку, отгрузку или транспортировку не допускается, если иное не указано в Договоре поставки или Заказе на отгрузку. Каждая партия сопровождается упаковочными листами с разбивкой по позициям.

Все товары, полученные в согласованном Пункте доставки или в пункте конечного назначения сверх требований в Договоре поставки или Заказе на отгрузку, подлежат возврату в обмен на деньги за счет Поставщика.

Досрочная поставка разрешается по согласованию со Специалистом по логистике или Специалистом по входящим грузам.

Поставщик должен соблюдать следующие требования:

Продавец обязан получить GREENLIGHT от Специалиста по логистике или Специалиста по входящим грузам Покупателя до отгрузки товара(ов).

Контактные лица для координации вопросов по логистике и курированию перевозок Покупателя с контактами указаны в Деталях заказа

По готовности товара (ов) к отгрузке Поставщик должен запросить форму чек-листа у Специалиста по логистике или Специалиста по входящим грузам Покупателя. При заполнении чек-листа Поставщик должен указать необходимую технику для разгрузки (кран, погрузчик и т.д.)

Необходимо получить утверждение заполненного Поставщиком чек-листа у Специалиста по логистике или Специалиста по входящим грузам Покупателя.

ЧАСЫ РАБОТЫ СКЛАДА: с 09:00 и до 16:00 часов ежедневно

В целях обеспечения безопасности, к заезду на территорию месторождения KAZ Minerals допускаются только грузовые и/или полноприводные автомашины. Обязанностью Поставщика является отправка груза подходящим автотранспортом для осуществления беспрепятственной разгрузки на складе. Автотранспорт с товаром(и) должны иметь возможность боковой выгрузки.

Допускается отправка небольших грузов курьерской компанией.

Поставщик должен подготовить накладную на отпуск запасов на сторону в 2 (двух) экземплярах и отправить Покупателю с товаром(и).

В случае поставки иностранных грузов Поставщик должен отправить инвойс в 1 (одном) экземпляре с товаром(и) и 1 (одном) экземпляре по адресу: Республика Казахстан, 050021, г. Алматы, пр. Достык, 85А, Корпус 1.

В накладной на отпуск запасов на сторону и инвойсе, Поставщик должен указывать номер Договора поставки и Заказа на отгрузку, если применимо, по которому производится поставка. Без указания номера Договора поставки и Заказа на отгрузку, если применимо, документы будут возвращены обратно Поставщику для корректировки документов за счет Поставщика.

На упаковке необходимо указывать номер продажи с отражением номера продаж в накладной на отпуск запасов на сторону Поставщика (если необходимо).

Паллетоместо/ коробка/ящик должно сопровождаться упаковочным листом с указанием номера Договор закупки и Заказа на закуп, если применимо, которое должно быть вложено в каждое место. В упаковочном листе должны быть указаны товарные позиции, находящиеся именно в данной коробке/ящике с указанием количества товара (ов).

Упаковка/коробка не должны быть поврежденными

Товар (ы) должны быть размещены на паллете

Товар(ы), такие как: зубья, ножи гребенки и т.д. (тяжелые металлические ТМЦ) должны быть размещены на паллете в один ярус

Масло и смазки должны быть размещены в один ярус на паллете на автотранспорте

ТРЕБОВАНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Прибывающий персонал Поставщика, в том числе водители, привозящие грузы обязаны иметь средства индивидуальной защиты (СИЗ): 1) каска, 2) очки, 3) светоотражающая жилетка, 4) защитные ботинки с металлическими носком. 5) штаны и 6) рубашка с длинными рукавами. Сотрудники Поставщика без СИЗ не будут допущены на территорию предприятия Покупателя.

Прибывающие сотрудники Поставщика, в том числе водители, привозящие грузы должны быть в трезвом состоянии и не иметь в наличии алкогольные напитки и психоактивные вещества. Сотрудники Поставщика в состоянии алкогольного или наркотического опьянения не будут допущены на территорию предприятия Покупателя.

Рабочая Инструкция по самовывозу для Экспедитора

По указанию Менеджера по логистике Экспедитор уполномочен осуществлять следующие действия по согласованию непосредственно с Поставщиком:

1. Согласовывать условия отгрузки с Поставщиком
2. Выдавать инструкции по доставке Поставщику/или Экспортному упаковщику Поставщика
3. Оказывать помощь Поставщику по требованиям документации.

Поставщики должны связаться с Экспедитором для получения инструкций по доставке.

ЧАСТЬ III – ПЕРЕВЕС И НЕГАБАРИТНЫЙ ГРУЗ

ОПРЕДЕЛЕНИЕ:

Крупногабаритными позициями для неделимых грузов и негабаритными грузами считаются все отдельные предметы (например, коробка, ящик, связка, сыпучий предмет и т.д.), превышающей следующие размеры или вес:

Длина	12.19	метров
Ширина	2.43	метров
Высота	2.43	метров
Отгрузочный вес	20	метрических тонн

Размеры негабаритных грузов представляют особую важность. Неточность может привести к задержке движения и чрезмерным расходам или повреждению груза.

Любые части материала или оборудования весом 45 000 кг или более требуют представления подробных «Чертежей отгрузки» менеджеру по логистике для рассмотрения и утверждения не менее чем за шесть (6) месяцев до обещанной даты поставки/отгрузки.

К каждой части материала или оборудования весом 10 000 кг, но менее 45 000 кг или более 12,19 м в длину, или 2,43 м в ширину, или 2,43 м в высоту, Поставщик должен представить менеджеру по логистике «Чертежи отгрузки» для рассмотрения и утверждения не менее чем за три (3) месяца до обещанной даты поставки/отгрузки.

Фактический вес брутто и габариты должны быть предоставлены Экспедитору как можно раньше до отгрузки, чтобы при необходимости планы отгрузки можно было изменить с минимальной задержкой или срывом.

ТРЕБОВАНИЯ К ЧЕРТЕЖАМ

Для получения необходимых разрешений, выбора средств перевозки и соблюдения законодательных норм и правил техники безопасности применяются следующие требования к перевозке негабаритных грузов. Эта информация должна быть предоставлена Экспедитору:

A. Чертежи общего расположения или оборудования с четким указанием:

1. Веса и габаритных размеров оборудования
2. Центр тяжести
3. Подъемные скобы, места крепления и подъема
4. Размер скоб
5. Используемый материал опорной подушки (древесина или металл)
6. Местоположение опорной подушки

7. Количество опорных подушек
8. Ширина, высота и вес каждой опорной подушки
9. Любые особые требования и меры предосторожности при перевозке и подъеме.

Планы Общего расположения в трех экземплярах должны быть предоставлены Поставщиком не позднее трех (3) месяцев до готовности к отгрузке/доставке, для рассмотрения и согласования Экспедитором.

После утверждения общего чертежа оборудования Экспедитор подает заявку на получение всех необходимых разрешений для транспортировки.

На основании общего чертежа оборудования Экспедитор подготовит общую транспортную схему в трех экземплярах, показывающую:

В. Общая транспортная схема:

1. Количество осей и колес
2. Расстояние между осями
3. Нагрузка на ось
4. Общая длина, ширина, высота и вес транспорта
5. Местоположение опорной подушки
6. Центр тяжести
7. Вращение части оборудования
8. Расположение подъемных скоб, если применимо
9. Расположение строп, если применимо

7-ҚОСЫМША

Буып-түю, таңбалау және жөнелту

Нұсқаулықтар/Талаптар

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

Нұсқаулықтар/Талаптар

Жеткізу шарты мен Жөнелтуге арналған тапсырыстың барлық ережелері мен шарттары қатаң сақталуы тиіс

ЕСКЕРТПЕ: АТАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ САҚТАМАУ ЖЕТКІЗУШІГЕ ШЫҒЫСТАРДЫ ӨТЕУ ТАЛАПТАРЫН ҚОЮҒА ӘКЕЛУІ МҮМКІН

Осы Нұсқаулыққа қатысты мәселелер туындаған кезде Жеткізушілер Тапсырыстың толық деректерінде көрсетілгендей KAZ Minerals логистикасының тиісті командасымен байланысуы тиіс.

Жеткізуші өз ұйымының тиісті департаменттерін және, егер қолдануға болса, өзінің қосалқы жеткізушілерін УМД жөніндегі нұсқаулықтың талаптары туралы нұсқамалықтан өткізуі тиіс.

I бөлім: Буып-түю және Таңбалау бойынша нұсқаулар

II бөлім: Тиеп жөнелту бойынша нұсқаулар

III бөлім. Габаритті емес жүк

IV бөлім: Ақпараттық Алмасу және Сатып алушы

V бөлім: Жүкті алушыға және Тарапқа Хабарлау үшін Деректер

I БӨЛІМ – БУЫП-ТҮЮ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

Барлық жағдайларда таразылар мен өлшемдердің метрлік жүйесі қолданылуы тиіс.

D. Қаптау қағазы (қағаздары)

2. Қаптау қағазы (қағаздары) келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

1.15 Жеткізушінің атауы және мекенжайы:

1.16 Сатып алушы мен Жүкті алушының атауы және мекенжайы:

1.17 Жеткізу орны

1.18 Қаптау қағазының нөмірі

1.19 Қаптау қағазының күні

1.20 Сатып алу шартының және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырыстың нөмірі

1.21 Материалдың коды, тауардың атауы, өлшем бірлігі, позиция бойынша саны. Деректер Тапсырыстың толық деректеріне немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес келуі тиіс

1.22 Бумалардың саны (мысалы, 5 жәшік, 3 контейнер, 6 байлам, 2 оралмаған бұйым) және бумалардың жалпы саны. (Мысалы, 5-нің 1-уі, 5-нің 2-уі және т.б.)

1.23 Бір бума үшін килограммен есептелген брутто салмағы мен таза салмағы.

1.24 Бүкіл топтаманың килограммен есептелген жалпы брутто салмағы және таза салмағы.

1.25 Сантиметрмен есептелген габариттер және бума көлемінің текше метрмен есептелген өлшемдері.

1.26 Бүкіл жүк көлемінің текше метрмен есептелген өлшемдері.

1.27 Қолданылатын кезде контейнердің нөмірі мен түрі.

1.28 Қаптау парағының нысаны 8-қосымшада көрсетілген.

3. Сыйымдылықтағы және/немесе қаптамажағы дара жүк үшін Жеткізуші (ҚР резиденттері үшін) 9-қосымшаға сәйкес қаптау парағын ресімдеуі тиіс және талап етілетін ілеспе құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен бірге желімделген пакетке салынып, тауар сыйымдылығының және/немесе қаптамасының ішінде болуы тиіс. Екінші қаптау парағы су өткізбейтін желімделген пакетке салынып, сыйымдылықтың және/немесе қаптаманың сыртына бекітілуі тиіс.

Жеткізуші бүкіл контейнерлік жүкке контейнер ішіндегі заттардың толық тізімімен қоса «контейнер ішіндегі заттардың тізбесін» ұсынуы тиіс. Контейнер ішіндегі заттардың тізбесі контейнердің сол жақтағы есігінің ішкі жағынан бекітілген желімделген пакетке салынуы тиіс. Контейнер ішіндегі заттардың екінші тізбесі контейнердің оң жақтағы есігінің сыртқы жағынан бекітілген желімделген су өткізбейтін пакетке салынуы тиіс. Контейнер ішіндегі заттардың үшінші тізбесі соңғы алушыға жеке пакетпен сол жерде жіберілуі керек. Барлық тізбелерде контейнердің нөмірін, тиелімнің сәйкестендіру нөмірін және кеменің/көліктің атауын көрсету қажет.

4. Қаптау қағазында Жеткізуші компаниясының мөртабаны және қолы тұруы тиіс. Қаптау қағазының екі түпнұсқасын әрбір тиелетін топтамаға салу қажет. Бір данасын буманың ішіне, екінші данасын буманың сыртына бекітілген су өткізбейтін конвертке келесі құжаттармен қоса салу керек:

- Жеткізушінің тауарлық жүкқұжаты;
- Жеткізушінің мөрі мен қолы бар коммерциялық шот фактураның түпнұсқасы;
- Қолданылатын жағдайларда қауіпті жүк туралы декларация немесе материалдың қауіпсіздік паспорты
- Егер қолданылатын болса, өндірілген жері туралы куәлік
- Егер қолданылатын болса, өнімнің жарамдылық мерзімі көрсетілген сапа сертификаты

Е. Қаптау бойынша нұсқаулар

Техникалық ерекшеліктегі бумаға қойылатын кез келген талаптар төменде көрсетілген ең аз талаптардың алдында басымдыққа ие. Жеткізуші тауарлар соңғы белгіленген орынға қауіпсіз тасымалданып, зақымдалмаған күйде жеткізілуі үшін олардың тиісті түрде сақталуын және/немесе қапталуын қамтамасыз ету үшін бұрынғыдай жауапкершілік көтереді. Бүкіл бума Экспорттық Қаптау Стандартына сәйкес болуы тиіс.

Бос не сәйкес келмейтін, не болмаса ішіндегі заттардың жоғалуы не зақымдалуы нәтижесінде буманы ауыстыру немесе жөндеу бойынша Сатып алушының жұмсаған шығыстары Жеткізушіге өтелуге қойылады.

19. Бума халықаралық стандарттарға, сондай-ақ тасымалдау тәсіліне (әуе, теңіз, теміржол, автомобиль және ішкі су көлігі жолы) сәйкес болуы тиіс және әртүрлі жағдайларда белгіленбеген кезең ішінде ұрлықтың алдын алатындай, көптеген түсіруге, тиелуге және сақталуға төзетіндей тиісті түрде және жеткілікті болуы тиіс.

20. Буып-түйілген тауарлар туындайтын көлденең күштерден (еңкею, қозғалу, матауыштардың бекітілуі және т.б.) корпус ішінде ондай жүктемеге қандай да бір зақымдарсыз төзе алатындай қорғалған болуы тиіс. Бұрандарды табандарға немесе іргеге, жақтаудың көмегімен бекітілген іргеге, құрылғы мен корпус қабырғасының арасына төсеммен және т.б. бұрап, қорғанысты қамтамасыз етуге болады.

Тұғырықтарды, байламдарды, жәшіктерді, контейнерлерді, жартылай бумаларды және т.б. дайындап шығарған кезде буып-түю тәсілі тауардың салмағы мен сипаттамаларына сәйкес келуі тиіс.

Су өткізбейтін қаптамамен қосымша қорғалған жағдайларды қоспағанда, картон қораптарды немесе жұмсақ ағаш талшықты тақталарды сыртқы қорғаныс ретінде пайдануға болмайды.

21. Бумалар әрбір Сатып алуға арналған тапсырыс үшін 1-ден бастап одан жоғары рет-ретімен нөмірленген болуы тиіс (мысалы, 3-нің 1-уі, 3-нің 2-уі және т.б.)

22. Мүмкіндігінше сапасы жақсы ағаштан жасалған жәшіктерді/қораптарды немесе буманың оған ұқсас түрін пайдалану қажет.

23. Салмағы бес (5) тонна және одан жоғары болатын бумалар матау сыртындағы нүктелермен белгіленуі, сондай-ақ буманы ұқыпты ұстау үшін ауырлық ортасын екі жағынан да нақты көрсетуі тиіс.

24. Айтарлықтай механикалық немесе климаттық қорғанысты керек етпейтін заттар қорапқа немесе тұғырықтарға (мысалы, жылу алмастырғыштар, ыдыстар және т.б.) оралған болуы тиіс. Машинамен өңделген немесе бұрандалы тілігі бар беткі қабаттар және техниканың барлық қозғалмалы бөліктері коррозияға қарсы оңай жойылатын жабындымен жабылуы тиіс. Өлшемдері кемінде 100 мм барлық фитингілер, клапандар және т.б. олардың Сатып алу тапсырысының қай позиция нөміріне жатқызылатыны нақты көрсетіліп, қораптарға тиісті түрде оралған болуы тиіс. Өлшемдері 100 мм асатын барлық фитингілер, клапандар және т.б. қораптарға немесе тұғырықтарға тиісті түрде қапталған болуы тиіс.

25. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар техникалық тапсырмада көрсетілгендей, тогтан қорғалған болуы және тиісті тірек төсеніштерге орнатылған болуы тиіс. Цилиндрлік ыдыстар үшін бұл тірек төсеніштер ыдыстың диаметріне тура сәйкес келетін пішінді болуы және 120° күмбез бойынша корпуспен жанасуы тиіс. Олар кемеге метал белдіктермен немесе соған ұқсайтын құралдармен бекітілген болуы тиіс. Оңтайлы тасымалдау үшін тірек төсеніштің барынша сәйкес келетін конструкциясына жету үшін Жеткізуші Сатып алушымен байланысуы керек.

26. Жабдықтар мен механизмдердегі барлық люктер, саптамалар және соған ұқсас саңылаулар ағаш немесе метал бітеуіштермен жабылып, сәйкес келетін төсеу материалын пайдаланып, бұрандармен берік бекітілген болуы тиіс. Бұрамалы қосылыстар жіктен су өткізілмеуін қамтамасыз ету үшін бітелген немесе оқшауланған болуы тиіс. Одан бөлек, барлық жіктердің шеттері су өткізбейтін таспалармен нығыздалған болуы тиіс.

27. Роторлар немесе электрқозғалтқыштар және фрикцияға қарсы мойынтіректермен жарақталған айналмалы бөлшектер кез келген ішкі зақымдалуға жол бермеу үшін анық көрінетін сыртқы қысқыштардың көмегімен қозғалыстан қорғалған болуы керек.

28. Барлық жабдықтар қатудан және тот басудан зақымдалмау мақсатында қаптауға және тиеуге дейін толықтай құрғатылған болуы керек.

29. Жеткізуші ылғалдан зақымдалуға ұшырайтын заттардың тиісті түрде қапталуына және оралуы үшін жауапкершілік атқарады (мысалы, саймандар, дәл құрал-саймандар, электрқозғалтқыштар және т.б.). Мұндай қорғаныс міндетті түрде жағдайға қарай ылғал сіңіргіш материалдардың нығыздалуын және салынуын білдіреді.
30. Сынғыш заттары бар бумалар сынып кетпеу үшін қатты тақтай жәшіктерге ерекше сақтықпен қапталып, барлық жағында «АБАЙЛАҢЫЗ, СЫНҒЫШ ЗАТ» атауымен ағылшын және орыс тілдеріндегі трафареттік баспа болуы тиіс. Жәшіктер аударылмайтын жағдайларда жеткізуші дұрыс күйінде екені туралы нақты нұсқаудың болуын қамтамасыз етуі тиіс. Мысалы, «ҮСТІҢГІ ЖАҚ».
31. Қаптау процесінде пайдаланылатын бүкіл ағаш материалы жүкті дайындауға дейін немесе кейбі тіісті түрде өңделуі тиіс. Ағаш материалының ISPM15 таңбасы немесе жүргізілген фумигация туралы тиісті куәлігі болуы тиіс.
32. Жүк түсіруді механикаландыруды қамтамасыз ету – егер келісімшартта басқасы көрсетілмесе, басқалардан бөлек, қаптауды, пакеттерге салуды және тиеу-түсіру жұмыстарын қамтиды. Бір орнының салмағы 15 кг-дан асатын барлық жүктерді паллеттерде және/немесе контейнерлерде тасымалдау қажет. Түсіру үшін кранды пайдалануды қажет ететін барлық жүктерді қаптау кранмен түсіруге (табандықты (білеуді), сүлгілерді немесе басқаларын пайдалану) дайындығын қамтамасыз етуі тиіс.
33. Авиатасымал арқылы жеткізілетін барлық қауіпті жүктер БҰҰ бекіткен тиісті орамда жеткізілуі тиіс. Тиісті буманы анықтауға жәрдем алу үшін ИАТА Регламентіне жүгінуіңізді өтінеміз немесе ИАТА стандарттары бойынша оқытылып, сертификатталған кәсіби қаптаушымен хабарласыңыз. Қауіпті жүкті жеткізу – барлық қауіпті материалдар нақты белгіленген болуы тиіс.
34. Жеткізуші жүктің қапталуына және қауіпсіз және тиімді түсірілуін қамтамасыз етуге қажетті оның алдын ала маталуы үшін жауапкершілік алады. Жеткізуші тауарларды тиісті түрде түсіру үшін қажетті барлық көтергіш және жүкқармауыш құралдарды жеткізуі керек.
35. Жеткізуші тауарлардың учаскедегі немесе жеткізу орны болып табылатын басқа жердегі, сондай-ақ климатты, жолды және тасымалдау бойынша ұйғарымдарды қоса алғанда, материалдар тасымалданатын аумақтағы жағдайлар мен ахуалды ескере отырып, тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезінде зақымдардан және бүлінуден тиісті түрде қорғалғанына кепілдік беруі тиіс. Барлық бумалар тиісті жүк тиеу-түсіру жұмыстарын ескергенде, жабыны тегіс емес жолдармен тасымалдау үшін тиісті түрде арналған болуы тиіс. Материалдарды буып-түю, таңбалау және тасымалдау кезінде Жеткізуші материалдарды тасымалдауға, сондай-ақ қауіпсіздік техникасына, еңбекті, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғауға қатысты қолданылатын халықаралық және ұлттық заңдарға бағынуы тиіс;
36. Жеткізуші келісімшартқа сәйкес жеткізілетін кез келген материалдардың кез келген зақымдануы, жоғалуы немесе жойылуы немесе Жеткізушінің жүктерді тиісінше орамауы немесе тасымалдамауы нәтижесінде туындаған кез келген жанама шығындары, кез келген басқа материалдардың немесе мүліктің зақымдануы немесе бүлінуі үшін жауап береді. Жеткізушінің келісімшартта көрсетілген орау, таңбалау және тасымалдау бойынша рәсімдер мен нұсқаулықтарды сақтамауы салдарынан туындаған шығындарды Жеткізуші өтеуі тиіс. Барлық тауарлар қауіпті материалдарды тасымалдау талаптарына (қолданатын кезде) және осы саладағы алдыңғы қатарлы тәжірибеге сәйкес оралған, таңбаланған және тасымалданған болуы тиіс.

F. Таңбалау бойынша нұсқаулар

Барлық жәшіктер, пакеттер және қораптар төменде көрсетілгендей таңбаланады. Байламдардағы таңба метал немесе оған ұқсас бірқаға ойылып, байламға берік бекітілуі тиіс.

10. Егер тауардың бірдей нөмірімен (сток) жүк жинағының немесе ірі габаритті тауардың бір бумасынан немесе жәшігінен артық жіберілсе, ӨРБПР жәшік нөмірленген және жіберілетін буманың ЖАЛПЫ санын көрсетуі тиіс (мысалы, 5 Жәшіктің 1-шісі, 5 Жәшіктің 2-шісі және т.б.)
11. Жеткізуші контейнер ішіндегі заттардың толық тізімімен қоса барлық тасымалданатын тауарлардың тізбесін беруі тиіс. Жиынтықта, жинақта және т.б. жеткізілетін тауар(лар) үшін бұл жиынтықты, жинақты және т.б. құрамдарының қосымша тізімін қоса тіркеу қажет.
12. Қоймаға жиынтық түрінде келетін тауар(лар) бір-бірінен бөлек қапталған (әрбір жиынтықты жеке-жеке қаптау) болуы тиіс.
13. Таңбалардың жазбалары биіктігі кемінде 20 мм бас әріптермен жазылып, қызыл бояумен не болмаса кетпейтін сиямен жағылуы керек. Бұл таңбалау әрбір жәшіктің, буманың, байламның және т.б. үш түрлі нүктесіне барынша жағылуы тиіс.
14. Дәнекерленгіш/конструкциялық болаттан жасалған әр жеке бұйымның танылатын монтаждық белгісі бар метал қалыбы болуы тиіс.
15. Қосалқы бөлшектері бар жәшіктерде «ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕР» таңбасы болуы тиіс.
16. Жеткізушінің Жеткізу шартына сәйкес сатып алушыға жеткізетін тауарының (кабельді-өткізгіш өнім) сызықты ұзындығының белгілері көрсетілген, Тауардың тікелей бүкіл ұзындығы бойынша жапсырылатын зауыттық таңбасы (метрикасы) міндетті түрде болуы тиіс. Осы талап сақталмаған жағдайда Сатып алушының Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Шарттың осы тармағында көрсетілген таңбалау талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды қайтару және/немесе ауыстыру толық көлемде Сатушының күшімен және есебінен жүзеге асырылады.
17. Әр жағдайда қорап, жәшік және контейнер, сондай-ақ жеке материалдар келісімшартта көрсетілгендей нақты белгіленуі тиіс. Сатушы келісімшарттың нөмірі мен күні, материалдың саны мен сипаттамасы туралы толық ақпараты бар белгілердің материалдарға немесе материалдарды белгіленген орынға апаруға арналған жүкқұжатқа/қаптау қағазына бекітілгеніне көз жеткізу керек.
18. Зиянды/қауіпті материалдарды жеткізу Жеткізушіден зиянды/қауіпті жүктерді коммерциялық тасымалдауға арналған тиісті/стандартты ескерту таңбаларын қолдануды талап етеді. Жүктің әр топтамасына Қолданылатын материалдардың қауіпсіздік паспортын (МҚП) қоса тіркеу қажет.

Бумадағы таңба мынадай деректерді қамтуы тиіс:

Шарттың немесе Тапсырыстың нөмірі (қолданылатын жағдайларда)

Тауар коды / Таңбалау нөмірі

Өндіріп шығарған елі

Жүк бірлігі №

Брутто салмағы т.....кг

Нетто салмағы

Габариттері Ұ.....Е.....Б.....(сантиметрмен)

Тасымалдаудың ерекше талаптары.....

Е. Коммерциялық шот-фактура

Коммерциялық шот-фактура Жеткізушінің ресми бланкіде ағылшын немесе орыс тілдерінде шығарылуы тиіс. Әр құжатта Жеткізушінің толық атауы мен мекенжайын нақты көрсету қажет. Егер Жеткізуші жеткізілетін тауардың өндірушісі болмаса, өндірушінің толық атауы мен мекенжайын көрсету қажет. Егер материалдарда шетелде өндірілген бөлшектер бар болса, өндіруші елді және пайыздық үлесті көрсету қажет. Коммерциялық шот-фактураларда Жеткізушінің түпнұсқа қолы және мөрі болуы тиіс. Жеткізушінің Қосалқы жеткізушілерінің коммерциялық шот-фактуралары қабылданбайды. Егер Жеткізуші оның Қосалқы жеткізушісі коммерциялық шот-фактураны ұсынуын қалаған жағдайда, Жеткізуші логан өзінің ресми бланкі мен Сатып алу тапсырысының бағаларын, сондай-ақ тауарлардың дұрыс сипаттамасын ұсынуы тиіс.

Коммерциялық шот-фактурада төмендегі ақпарат міндетті түрде көрсетілуі тиіс:

14. Тауарлардың жалпы сипаттамасы, яғни «Жабдықтар мен материалдар ... арналған».

15. ЖҮК АЛУШЫ: «KAZ Minerals _____» ЖШС – мыс объектісі (*мекенжайы хабарланады*). Бұл ретте Жеткізуші барлық деректерді (атауы, мекенжайы, байланысатын тұлға, телефон нөмірлері, электрондық пошта, сондай-ақ Сатып алушы қосымша талап етуі мүмкін басқа да деректер) көрсетіп, Жүк тасымалдаушы туралы Сатып алушыға алдын ала хабарлап қоюға міндетті.

ТАРАПҚА ХАБАРЛАУ: Логистика және Сатып алушының жеткізілімдерін басқару мәселелерін үйлестіруші байланысатын тұлғалар Тапсырыстың толық деректерінде көрсетілген

16. Жөнелтудің сәйкестендіру белгілері таңбалау жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетілген.

17. Шот-фактураның Нөмірінің күні

18. Жеткізу шарттары Жеткізу шартына немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа (FCA, DDP, және т.д.) сәйкес.

19. Егер қолданылатын болса, Жеткізу шарты мен Жөнелтуге арналған тапсырыстың нөмірі.

20. Жеткізу шартындағы немесе Жөнелтуге арналған тапсырыстағы позицияның нөмірі, Жеткізушінің парт нөмірі, Сатып алушы материалдарының коды және сипаттама Тапсырыстың толық деректеріне немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес.

21. Жөнелтілген тауарлардың саны және Жеткізу шартындағы немесе Жөнелтуге арналған тапсырыстағы әр позицияға арналған өлшем бірлігі

22. Тауарлардың жалпы метрлік көлемі және нетто мен бруттоның Метрлік салмағы

23. Валбтаны көрсету, яғни «АҚШ доллары, Еуро» және т.б.

24. Тауар бірлігінің сату бағасы шарт валютасында

25. Тауар бірлігінің жиынтық сату бағасы шарт валютасында

26. Шот-фактурадағы қорытынды баға

Ғ. Шығу тегінің сертификаты

Шығу тегінің сертификатын әдетте Жеткізуші жасайды, бірақ оны Коммерциялық шот-фактурадан және Жеткізушінің Қаптау қағазынан алынған ақпараттың негізінде Жүк тасымалдаушы/Тасымалдау жөніндегі агент әзірлеуі мүмкін.

Егер Жеткізу шартына немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес Жеткізуші Шығу тегі туралы сертификатты даярлауы қажет болса, Жеткізуші тауардың түрін, сонымен қатар толық атауын және жөнелтілетін тауарларды өндірушінің мекенжайын көрсетуі тиіс.

II БӨЛІМ – ЖӨНЕЛТУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛАР

Егер Жеткізу шартында немесе Жөнелтуге арналған тапсырыста арнайы көрсетілсе және/немесе Логистика жөніндегі маман не болмаса Кіріс жүктер жөніндегі маман рұқсат етсе, ішінара жөнелтімдерге жол беріледі.

Ішкінара жөнелтімдерге куәландыру құжаттары қоса тіркелуі тиіс, және Жеткізушінің міндемелерді орындауы ретінде ұғынылмауы тиіс. Егер Жеткізу шартында немесе Жөнелтуге арналған тапсырыста басқаша көрсетілмесе, орау, жөнелту немесе тасымалдау үшін қосымша төлем жасауға жол берілмейді. Әр топтамаға позициялар бойынша бөліп көрсетілген қаптау қағаздары қоса тіркеледі.

Келісілген Жеткізу орнында немесе соңғы белгіленген орында Жеткізу шартында немесе Жөнелтуге арналған тапсырыстағы талаптардан астам алынған барлық тауарлар Жеткізушінің есебінен ақшаға айырбастаумен қайтарылуға жатады.

Логистика жөніндегі маманмен немесе Кіріс жүктер жөніндегі маманмен келісу бойынша мерзімінен бұрын жеткізуге рұқсат етіледі.

Жеткізуші келесі талаптарды сақтауы тиіс:

Сатып алушы тауар(лар)ды жөнелтуден бұрын Логистика жөніндегі маманнан немесе Кіріс жүктер жөніндегі маманнан GREENLIGHT алуға міндетті.

Сатып алушының тасымалдау логистикасы және оны басқару мәселелерін үйлестіретін байланыс тұлғалары байланыс жолдарымен бірге Тапсырыстың толық деректерінде көрсетілген.

Жеткізуші тауар(лар) дайын болған соң Логистика жөніндегі маманынан немесе Сатып алушының Кіріс жүктер жөніндегі маманынан чек-парақтың нысанын сұратуы тиіс. Жеткізуші чек-парақты толтыру кезінде жүк түсіруге арналған қажетті техниканы (кран, тиегіш және т.б.) көрсетуі тиіс.

Логистика жөніндегі маманынан немесе Сатып алушының Кіріс жүктер жөніндегі маманынан Жеткізуші толтырған чек-парақтың растамасын алу қажет.

ҚОЙМАНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ УАҚЫТЫ: сағ. 09:00 бастап сағ. 16:00 дейін.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, «KAZ Minerals _____» ЖШС (бұдан әрі – Компания) кен орнының аумағына тиегіш және/немесе толық жетекті автомашиналарға кіруге рұқсат етіледі. Қоймада кедергісіз жүк түсіру үшін жүкті сәйкес келетін автокөлікпен жөнелту Жеткізушінің міндеті болып табылады. Тауар(лар)ы бар автокөліктің жүкті бүйір жағынан түсіру мүмкіндігі бар болуы тиіс.

Кішігірім жүктерді курьерлік компания арқылы жөнелтуге рұқсат етіледі.

Жеткізуші 2 (екі) данада басқа тарапқа қорларды жіберуге жүкқұжат дайындап, тауар(лар)мен бірге Сатып алушыға жіберуі тиіс.

Шетелдік жүктерді жеткізген жағдайда Жеткізуші инвойстың 1 (бір) данасын тауар(лар)мен бірге және 1 (бір) данасын төмендегі мекенжайға жіберуі тиіс: Қазақстан Республикасы, 050021, Алматы қ., Достық даңғ., 85А, 1-корпус.

Қорларды басқа тарапқа жіберу жүкқұжатында және инвойста Жеткізуші Жеткізу шартының және, егер қолданылса, жеткізілетін Жөнелтуге арналған тапсырыстың нөмірін көрсетуі тиіс. Егер қолданылатын болса, құжаттар Жеткізу шарты мен Жөнелтуге арналған тапсырыстың нөмірі көрсетілмей, құжаттарды Жеткізушінің есебінен түзету үшін Жеткізушіге кері қайтарылатын болады.

Орамның сыртында Жеткізуші тарапқа қорларды жіберу жүкқұжатына сату нөмірлерін көрсете отырып, сату нөмірін көрсету қажет (егер қажет болса).

Паллет орнына/қорапқа/жәшікке Сатып алу шарты мен Сатып алу шарты мен Сатып алуға арналған тапсырыстың нөмірі көрсетіліп, әрбір орынға салынатын қаптау қағазын қоса тіркеу керек. Қаптау қағазында тауар(лар)дың санымен бірге осы қораптағы/жәшіктегі тауарлық позициялар көрсетілуі тиіс.

Орам/қорап зақымдалмаған болуы тиіс.

Тауар(лар) паллетке орналастырылған болуы тиіс.

Тауар(лар) тістер, тарағыш пышақтар және т.б. (ауыр метал ТМҚ) паллетке бір қабатқа орналастырылуы тиіс.

Май және майлауыштар автокөліктегі паллетке бір қабатқа орналастырылуы керек

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жеткізушінің келетін қызметкерлері, соның ішінде жүкті алып келетін жүргізушілердің жеке қорғану құралдары (ЖҚҚ) болуы тиіс. 1) каска, 2) көзілдірік, 3) жарық шағылыстырғыш кеудеше, 4) метал ұшы бар қорғағыш бәтеңке. 5) шалбар және 6) жеңі ұзын жейде. Жеткізушінің ЖҚҚ жоқ қызметкерлері Сатып алушының аумағына кіргізілмейтін болады.

Жеткізушінің келетін қызметкерлері, соның ішінде жүктерді алып келетін жүргізушілер мас емес күйде болуы және алкогольдік сусындары мен психикалық белсенді заттары болмауы керек. Жеткізушінің алкогольдік немесе еірткілік масандық күйіндегі қызметкерлері Сатып алушының аумағына кіргізілмейтін болады.

Экспедиторға арналған өз бетінше алып кету жөніндегі Жұмыс нұсқаулығы

Логистика жөніндегі менеджердің нұсқауы бойынша Экспедитор тікелей Жеткізушімен келісу бойынша келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға өкілетті:

4. Жеткізушімен жүк жөнелту шарттарын келісу
5. Жеткізу жөніндегі нұсқаулықтарды Жеткізушіге/немесе Жеткізушінің Экспорттық ораушысына беру
6. Құжаттама талаптары бойынша Жеткізушіге өмек көрсету

Жеткізушілер жеткізу жөніндегі нұсқаулықтарды алу үшін Экспедитормен байланысуы керек.

III БӨЛІМ – АРТЫҚ ЖҮКТЕУ ЖӘНЕ ГАБАРИТТІ ЕМЕС ЖҮК

АНЫҚТАМАСЫ:

Бөлінбейтін жүктер және габаритті емес жүктер үшін төмендегі өлшемдерден немесе салмақтан асып түсетін барлық дара заттар (мысалы, қорап, жәшік, байлам, сусымалы зат және т.б.) ірі габаритті позициялар болып табылады:

Ұзындығы	12,19	метр
Ені	2,43	метр
Биіктігі	2,43	метр
Тиеу кезіндегі салмағы	20	метрлік тонна

Габаритті емес жүктердің өлшемдері ерекше маңыздылыққа ие. Дәлсіздік қозғалыс кідірісіне және аса үлкен шығындарға немесе жүктің зақымдалуына әкеп соғады.

Салмағы 45 000 кг және одан жоғары болатын материалдың немесе жабдықтардың кез келген бөліктері уәделескен жеткізу/жөнелту күніне дейін кемінде алты (6) ай бұрын қарау және бекіту үшін логистика жөніндегі менеджерге толық «Жөнелту сызбаларын» ұсынуды талап етеді.

Салмағы 10 000 кг және одан жоғары, бірақ 45 000 кг-дан кем не болмаса ұзындығы 12,19 м-ден астам, немесе ені 2,43 м, не болмаса биіктігі 2,43 м болатын материалдың немесе жабдықтардың әрбір бөлігіне Жеткізуші уәделескен жеткізу/жөнелту күніне дейін кемінде үш (3) ай бұрын қарап, бекіту үшін логистика жөніндегі менеджерге «Жөнелту сызбаларын» ұсынуы тиіс.

Бруттоның нақты салмағы мен габариттері, жөнелту жоспарларын қажет болған кезде барынша аз уақытқа кідіртіп немесе бұзып өзгерту мүмкін болатындай, жөнелтуге дейін барынша ертерек Экспедиторға ұсынылған болуы тиіс.

СЫЗБАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қажетті рұқсаттарды алу, тасымалдау құралдарын таңдау және қауіпсіздік техникасының заңнамалық нормалары мен қағидаларын сақтау үшін габаритті емес жүктерді тасымалдаудың келесідей талаптары қолданылады. Бұл ақпарат Экспедиторға ұсынылған болуы тиіс:

C. Төмендегілерді айқын көрсетіп, жалпы орналастыру немесе жабдықтың сызбалары:

10. Жабдықтың салмағы және габаритті өлшемдері
11. Ауырлық ортасы
12. Көтеру қапсырмалары, бекіту және көтеру орындары
13. Қапсырмалардың өлшемдері
14. Тірек төсенішінің пайдаланылатын материалы ағаш немесе металл
15. Тірек төсенішінің орналасқан орны
16. Тірек төсеніштердің саны
17. Әрбір тірек төсеніштерінің ені, биіктігі және салмағы

18. Тасымалдау және көтеру кезіндегі кез келген ерекше талаптар мен сақтық шаралары.

Экспедитор қарап, келісуі үшін, Жеткізуші үш данадағы Жалпы орналасу жоспарларын жөнелтуге/жеткізуге дайын болғанға дейін үш (3) айдан кешіктірмей ұсынған болуы тиіс.

Экспедитор жабдықтың жалпы сызбасын бекіткеннен кейін тасымалдау үшін барлық қажетті рұқсаттарды алуға өтінім береді.

Жабдықтың жалпы сызбасының негізінде Экспедитор төмендегілерді көрсететін жалпы тасымалдау сұлбасын үш данада даярлайды:

D. Жалпы тасымалдау сұлбасы:

10. Осьтер мен дөңгелектер саны
11. Осьтер арасындағы қашықтық
12. Оське түсетін жүктеме
13. Көліктің ұзындығы, ені, биіктігі және салмағы
14. Тірек төсенішінің орналасқан орны
15. Ауырлық ортасы
16. Жабдық бөлігінің айналуы
17. Егер қолданылса, көтеру қапсырмаларының орналасуы
18. Егер қолданылса, матауыштардың орналасуы

ПРИЛОЖЕНИЕ 8

ФОРМА УПАКОВОЧНОГО ЛИСТА

Отправитель груза (поставщик): БИН _____ _____ (наименование предприятия) _____ (адрес предприятия) _____ (номер телефона) Получатель груза: ТОО «Востокцветмет» _____ Адрес доставки: _____				УПАКОВОЧНЫЙ ЛИСТ №				Номер договора (Детали заказа или Заказ на отгрузку): № _____	
№ места/ паллеты	Вес брутто, кг	Вес нетто, кг	Размеры (длина x ширина x высота) см	Объем м3/м3	Номенклатурный номер товара	Наименование товара	ТНВЭД	Количество, шт	
1									
2									
3									

Сток код товара, наименование товара, единица измерения, количество указываются по позиционно. Данные должны точно соответствовать Деталю заказа или Заказу на отгрузку.

Общий вес нетто ___ кг, общий вес брутто ___ кг

Подтверждаем, что указанная информация верна _____
(подпись) (печать)

Дата _____

ДОГОВОР ПОСТАВКИ № _____

(поставщик)

ПОЛУЧАТЕЛЬ ТОО «Востокцветмет»

8-ҚОСЫМША

ҚАПТАУ ПАРАҒЫНЫҢ НЫСАНЫ

Жүк жөнелтуші (жеткізуші): БСН _____ _____ (кәсіпорынның атауы) _____ (кәсіпорынның мекенжайы) _____ (телефон нөмірі) Жүк алушы: «Шығыстүстімет» ЖШС _____ Жетікізілетін мекенжай: _____				№ ҚАПТАУ ПАРАҒЫ				Шарт нөмірі (Тапсырыс деректері немесе Тиеп-жөнелтуге арналған тапсырыс): № _____	
Орын / паллета №	Брутто салмағы, кг	Нетто салмағы, кг	Өлшемдері (ұзындығы x ені x биіктігі) см	Көлемі м3/т3	Тауардың номенклатуралық нөмірі	Тауардың атауы	СЭКТН	Саны, дана	
1									
2									
3									

Тауардың сток коды, атауы, өлшем бірлігі, саны позиция бойынша көрсетіледі. Деректер Тапсырыс деректеріне немесе Тиеп-жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес келуі тиіс.

Жалпы нетто салмағы ___ кг, жалпы брутто салмағы ___ кг.

Көрсетілген ақпараттың дұрыс екенін растаймыз _____
(колы) (мөрі)

Күні _____

№ _____ **ЖЕТКІЗУ ШАРТЫ**

(жеткізуші)

АЛУШЫ «Шығыстүстімет» ЖШС